

«АҚМОЛА ОБЛЫСЫ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ АСТРАХАН
АУДАНЫ БОЙЫНША БІЛІМ
БӨЛІМІНІҢ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА
№ 2 СЕЛА ЖАЛТЫР

ЖАЛТЫР АУЫЛЫНЫҢ № 2 ЖАЛПЫ
ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО
АСТРАХАНСКОМУ РАЙОНУ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ »

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

20 25 жылғы 02.09 № 50/1

№ _____ 20__ года

Мектепшілік бақылауды ұйымдастыру туралы

Білім беру сапасын қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының, оқу бағдарламаларының талаптарын орындау мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізуге міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес және мектептегі білім беру үдерісі мен басқару қызметінің тиімділігін арттыру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2025–2026 оқу жылында «Жалтыр ауылының №2 жалпы білім беретін мектебі» КММ-де мектепшілік бақылау (МІБ) ұйымдастырылсын.

2. Мыналар бекітілсін:

- 2025–2026 оқу жылына арналған мектепшілік бақылау жоспары.

- Мектепшілік бақылау нәтижелері бойынша талдау, мониторинг және есеп беру нысандары.

3. Мектепшілік бақылаудың негізгі бағыттары анықталсын:

- оқу бағдарламалары мен күнтізбелік-тақырыптық жоспарлаудың орындалуы;
- оқу пәндерін оқыту сапасы;
- білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейі;
- қорытынды және аралық аттестаттауға дайындық;
- мектеп құжаттамасының жүргізілуі;
- педагогикалық әдеп пен еңбек тәртібінің сақталуы;
- тәрбие жұмысының ұйымдастырылуы және білім алушылардың денсаулығын қорғау.

4. Мектепшілік бақылауды жүргізуге жауапты тұлғалар болып тағайындалсын:

- директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары — Махметова Маржан Баженовна, Томкова Наталья Эльмановна;
- директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары — Найманбаева Айнагуль Айтпайевна, Абильдин Ардак Жанболатович;
- директордың ғылыми-әдістемелік жөніндегі орынбасарлары – Абишева Фатима Тулешовна, Баймагамбетова Жаудир Алмасовна;

- әдістемелік бірлестік жетекшілері — Шаяхметова Гулсум Тантайқызы, Халанская Екатерина Робертовна, Азимова Гульмира Есильбаевна, Есмағанбет Қымбат Қабланқызы, Миннуллина Аурику Фаизовна, Булименко Марина Игорьевна.
- педагог-психологтар — Исмагулова Альсия Конаевна, Семья Майра;
- әлеуметтік педагог — Абенов Дархан Даулетович, Әзи Кәмилла Шахпатуллақызы.

5. Жауапты тұлғаларға:

- бекітілген жоспарға сәйкес бақылауды жүзеге асыру;
- мектепішілік бақылау нәтижелерін анықтамалар, талдамалық есептер, ұсынымдар түрінде рәсімдеу;
- бақылау қорытындыларын педагогикалық ұжымға жеткізу міндеттелсін.

6. Мектепішілік бақылау нәтижелері:

- білім беру үдерісін түзету;
- педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру;
- басқарушылық шешімдер қабылдау үшін пайдаланылсын.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор ~~шкөзі~~



А. Серикбаева